

Қызылорда суландыру-мелиорация жүйесін пайдалану басқармасы туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 23 қыркүйек 1994 ж. N 1056

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Су ресурстары жөніндегі комитет пен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Қызылорда суландыру-мелиорация жүйесін пайдалану басқармасын Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Су ресурстары жөніндегі комитет қарамағынан Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің қарамағына беру жөніндегі ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі белгіленген тәртіппен Қызылорда суландыру-мелиорация жүйесін пайдалану басқармасын 1994 жылғы 1 қаңтардағы жағдайы бойынша негізгі қаржысымен, материалдық ресурстарымен, штаттық құрамымен және қаржылық көрсеткіштерімен қабылдап алсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1994 және 1995 жылдарға арналған мемлекеттік бюджет көрсеткіштерін анықтау барысында тиісті өзгеріс енгізуді ескеретін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі